

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі - ҚМГ) Басқармасы төрағасының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және оларды митигациялау бойынша шараларды әзірлеу туралы» 05.09.2024 жылғы №235 бұйрығының негізінде ҚМГ-де келесі бағыттар бойынша, 2023 жылғы 01 желтоқсаннан 2024 жылғы 01 тамызға дейінгі кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді:

1) ҚМГ-нің ішкі нормативтік құжаттарында (бұдан әрі - ІНҚ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) ҚМГ-нің ұйымдастыру-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

– персоналды басқару мен мүдделер қақтығысын реттеуде;

– 2018 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңдегі ҚМГ-нің трансформация бағдарламасын орындау бойынша;

– өкілдік шығыстарды өтеу процесінде;

– ҚМГ-нің ұйымдастыру-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелерде.

ҚМГ-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау (бұдан әрі - СЖТІТ) ұйымдастыру-басқарушылық қызметке қатысты, сондай-ақ ішкі құжаттарға қатысты ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған жұмысты одан әрі жүргізу талап етілетінін көрсетті. Осыны ескере отырып, анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің себептерін жоюға бағытталған ұсынымдар берілді.

Жүргізілген СЖТІТ нәтижелері бойынша жұмыс тобы ҚМГ-дегі сыбайлас жемқорлық деңгейіне теріс әсер етуі мүмкін неғұрлым маңызды тәуекелдерді анықтау мақсатында оларға бағалау жүргізді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізілімі мен тәуекелдер картасы жасалды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 23-тармағы негізінде ҚМГ Басқармасының төрағасы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да комплаенс тәуекелдерді ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша іс-шаралар жоспарын бекітті.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мониторингі талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап бір жыл ішінде жүзеге асырылатын болады.